

ЖАРАЙСЫҢ, ЕРСҰЛТАН!

Жақында Қызылорда қаласында Дзюдодан 2009-2010 жылдары туылған жасөспірімдер арасындағы “Абай-Даулет” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жүлдесіне арналған ашық республикалық турнир болып өтті.

Турнирдің мақсаты - жас спортшылардың шеберлігін шыңдау, дзюдоны жасөспірімдер арасында насихаттау, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жасөспірімдерді достыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу болып табылады. Қызу да тартысты өткен турнир екі күнге жалғасып, қыздар мен ұлдар бақ сынасты. Осы турнирге біздің ауданымыздан барған жас палуанымыз Ерсұлтан Ішікбай 66 келі салмақ дәрежесінде қарсыластарынан басым түсіп, жүлделі үшінші орынды қанжығасына байлап қайтты.

Жас балуанды спортқа баулып жүрген жаттықтырушылар АЖәмпейісов, А.Асылбековтердің еңбектерін атап өтуге болады.

Жас балуан Ерсұлтанға толайым та-



быстар тілеп, байрақты бәсекелерде ауданымыздың намысын биікке көтере бер деген тілек айтамыз.

аудандық Жастар ресурстық орталығы.

Шет шұғыласы. - 2024. - 4 сәуір (№14). - 8 б.